

Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І

Ақтөбе қаласы

№178

2017 жылғы 30 маусым

Ақтөбе облысындағы білім жүйесінің жағдайы және одан әрі дамыту бойынша шаралар туралы

«Ақтөбе облысындағы білім жүйесінің жағдайы және одан әрі дамыту бойынша шаралар туралы» Ақтөбе облысының білім басқармасының басшысы С.Р.Өмірбекованың, Ақтөбе облысының білім саласындағы бақылау департаментінің басшысы Ж.Т.Қайшығұлованың баяндамаларын тыңдап және талқылай келе, облыста білім саласын дамыту және Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсатты көрсеткіштеріне жету бойынша облыста жүйелі жұмыстардың жүргізіліп отырғандығын облыстық мәслихат атап көрсетеді.

2016 жылы облыстық білім беру саласына 66,8 млрд.теңге қарастырылды. Оның ішінде 6,3 млрд.теңге облыстық білім беру ұйымдарына, 4,4 млрд.теңге даму бюджеті (құрылыс, қайта жөндеу т.с.с.), республикалық бюджеттен 7,1 млрд.теңге, қалалық және аудандық бюджеттен 48,8 млрд.теңге қарастырылды. 2017 жылдың басына білім беру саласын қаржыландыру 80,2 млрд.теңгені құрады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында 2016 жылы облыста 4655 орындық 41 мектепке дейінгі ұйым ашылды. Соңғы 3 жылда жеке балабақшалар саны 3 есеге - 25-тен 78-ге көбейді. Қазіргі таңда облысымызда 561 мектепке дейінгі ұйым, оның ішінде 313 балабақша және 248 шағын орталық жұмыс жасайды.

Облыстың 415 орта білім беретін мектептерінде 129,0 мыңнан астам оқушы білім алуда. 2016 жылы 2420 орынға 6 жаңа мектеп іске қосылды.

2016 жылы 1840 орындық 4 мектептің құрылысы басталып, 2017 жылы 5440 орындық 10 мектептің құрылысына Ұлттық қордан қаражат бөлінді.

2016 жылы облыс мектептеріндегі компьютерлер саны 584 бірлікке көбейіп, компьютерлік паркті жаңартуға облыс бойынша 156,0 млн. теңгеден астам жұмсалды. Сонымен қатар, 2016 жылы шағын жинақталған мектептердің базасын нығайту мақсатында 108 мектепке 216 комплект интерактивті құралдар сатып алуға трансферт бөлінді.

Жалпы орта білім беру ұйымдарында 17 мыңнан астам педагог жұмыс жасайды, олардың 42,6 пайызы жоғары және бірінші санатты мұғалімдер. Соңғы үш жылда біліктілікті арттыру бағдарламасы бойынша 6193 педагог курстан өтті. 2017-2018 жылдары біліктілікті арттыру бағдарламасы бойынша 1574 педагог курстан өтеді.

Ақтөбе облысы бойынша жастардың (14-24 жас) техникалық және кәсіптік біліммен қамтылуы-17,3%. Техникалық-кәсіптік білім беру ұйымдарының жалпы контингенті 27697 оқушыны құрайды, оның ішінде 21255-сі күндізгі оқыту түрінде білім алады. Мемлекеттік тапсырыспен 12857 оқушы білім алуда.

2017 жылы «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын» іске асыру басталды, оның бірінші бағыты «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру». Бағдарлама шеңберінде 2017-2018 оқу жылында мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 5485 оқушыны қабылдау жоспарланды.

2016 жылы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын 6350 түлек бітірді, оның ішінде жұмысқа орналасқаны – 4520 (71,2%), сонымен бірге жоғары оқу орындарында, колледждерде оқуды жалғастырғандары, әскер қатарына шақырылғандары және т.б. – 963 (15,2%), жұмысқа орналаспағандары 867 (13,6%). 2017 жылы дуальды оқыту жүйесі бойынша Ақтөбе облысының 23 колледжі 88 кәсіпорындармен бірлесіп 1752 студентті 27 мамандық бойынша бірлесе дайындауда.

Сонымен қатар, Бағдарламаны іске асыруда оң өзгерістер болымен қатар, шешілуі талап етілетін бірқатар мәселелер бар.

2017 жылдың I жартыжылдығына бекітілген кесте бойынша 118 білім мекемелерінде мемлекеттік аттестаттау жүргізіліп (75 мектеп, 41 мектепке дейінгі ұйым, 2 техникалық-кәсіптік оқу орындары), олардың ішінде 55-і (46,6%) аттестатталмаған.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелерін талдау аттестатталмаған 48 білім ұйымдарының 45-де (93,75%) бітіруші сынып оқушыларының білім деңгейлерінің төмендігін көрсетіп отыр, сонымен қатар оқу бағдарламаларының сәйкес еместігі себепті 35 (72,9%) білім ұйымдарында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының орындалмайтындығы анықталып отыр.

Педагогтік қызметпен айналысуға тиісті бейіні бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі сәйкес келмейтін адамдар жіберілген: 2016 жылы мемлекеттік аттестаттаудан өткізілген 80 мектепте 20 пәннен 198 маман емес, 2017 жылы 75 мектепте 22 пәннен 285 маман емес анықталған. Оның ішінде 36 маманның педагогикалық білімі жоқ, 128-і маман емес, 121 мұғалім базалық біліміне сәйкес емес қосымша жүктемені алып жүр.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының 75 мектептің 25-де (52,1%) орындалмауы материалдық-техникалық базаларының сәйкес келмеуі себебінен.

Материалдық-техникалық базаларының әлсіз жарақтануы биология, физика, химия, дене шынықтыру, технология пәндері бойынша оқу бағдарламаларының орындалмауына алып келеді. Технология пәні бойынша кабинеттер 75 мектептің 18-де (24%) жасақталмаған немесе жеткіліксіз қамтамасыз етілген. Спорт залдардың 75 мектептің 17-де (22,7%) болмауы стандарттардың орындалмауына алып келеді.

Балабақшаларға кезектің көптігі және орынның тығыздығы облыстағы өзекті мәселелердің бірі болып қалып отыр. Сонымен қатар жалпы білім беретін мектептердің жанынан ұйымдастырылған, күндізгі қысқа мерзімді, шағын орталықтардың жұмысы да өзекті мәселе болып қалуда.

Ақтөбе қаласы бойынша 2 арнайы (түзету) мектепке дейінгі ұйым және түзету топтары жұмыс жасайтын 10 мектепке дейінгі ұйымдарда 6-дан 80 балаға дейін тығыздығы байқалады.

Бүгінгі күні облыс бойынша 43 техникалық-кәсіптік білім беру ұйымдары жұмыс жасауда, оның ішінде 25-і мемлекеттік, 18-і жеке.

Колледждердің 9-да (20,9%) (4 мемлекеттік және 5 жеке) спорт залдар жоқ. Сонымен қатар 5 колледжде (11,6%) спортзалдар бейімделген;

Колледждердің 22-де (51,1%) жатақханалар бар: 2562 орын 17 мемлекеттік колледждерде (мемлекеттік колледждердің жалпы санының 64%), 776 орын 5 жеке колледждерде (жеке колледждердің жалпы санының 27,7%). Облыс орталығында орналасқан Ақтөбе құрылыс және бизнес колледжінде (575 студенттің 280-і (48,6%) аудандардан) және Ақтөбе сервис колледжінде (510 студенттің 27-сі (5,3%) аудандардан) жатақхананың жоқтығы қиыншылық туғызып отыр.

Кәсіптік бағдарламалармен қатар, жалпы орта білім бағдарламалары оқытылатын техникалық-кәсіптік білім беру ұйымдарында оқулықтармен қамтамасыз етуде мәселелер бар. Мектептерде оқулықтардың қорын ұдайы жаңғыртылып отырады, колледждер оқулықтармен қамтамасыз етілмейді.

Облыста жасалған жұмыстарға қарамастан үш ауысымда оқытатын мектептер бар. Зерделеу қорытындысы бойынша 21 мектепте оқушы орны тапшылығы, сонымен қатар, 111 саман, қамыс, ағаштан тұрғызылған және пешпен жылытылатын мектептер анықталған.

Қосымша білім беру ұйымдарының желісі және дуалды оқыту жүйесін енгізу нашар дамуда. Дуалдық білім беру жүйесін игерген колледждер санын және үшжақты келісім шарт санын көбейту қажеттілігі бар.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе облысының білім басқармасының басшысы С.Р.Өмірбекованың, Ақтөбе облысының білім саласындағы бақылау

департаментінің басшысы Ж.Т.Қайшығұлованың баяндамалары назарға алынсын.

2. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ (С.Р.Өмірбекова) Ақтөбе қаласы және аудандардың әкімдерімен бірге ұсынылсын:

1) білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын қазіргі заманғы талаптарын ескере отырып нығайту және жаңарту бойынша жұмысты жандандыру, сондай-ақ мемлекеттік емес мектепке дейінгі ұйымдар желісін дамыту үшін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін енгізу;

2) Ақтөбе қаласында, Алға, Байғанин, Мәртөк, Қобда, Хромтау және Бірғыз аудандарында үш ауысымды мектептердің санын азайту бойынша шараларға бақылауды күшейту;

3) қосымша білім беру желісін дамыту бойынша шаралар қабылдау;

4) білім беру ұйымдарын оқулықтармен қамтамасыз ету бойынша уақтылы шаралар қабылдау;

5) мектептерде бірыңғай мектеп киім үлгісін кезең-кезеңімен енгізу мүмкіндіктерін қарастыру;

6) білім беру ұйымдарын жоғары білікті педагогикалық мамандармен қамтамасыз ету, сондай-ақ кепілді тұрғын үй, жалақы төлеу және әлеуметтік кепілдіктер ұсына отыра, ауылдық жерлерге тарту бойынша тиімді шаралар қабылдау.

3. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ (С.Р.Өмірбекова) техникалық-кәсіптік білім беру ұйымдарының басшыларымен бірге:

1) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз ету;

2) Мемлекеттік бағдарламаның мақсатты индикаторларын орындауды қамтамасыз ету және оларға жету бойынша жұмыстарды жалғастыру;

3) бөлінген қаражаттарды толық көлемінде игеру бойынша шаралар қабылдау;

4) білім сапасын жақсарту бойынша жұмыстарды жалғастыру;

5) еңбек нарығының қажеттілігін есепке ала отырып, техникалық-кәсіптік білім беру мамандарын сапалы даярлау жұмыстарын жандандыру;

6) мамандарды дайындау бойынша мемлекеттік тапсырысты іске асыру сапасына дербес жауапкершілікті арттыру;

7) облыс мектептеріндегі үш ауысымдық оқыту және орын тығыздығы бойынша тұрақты түрде мониторинг жүргізу;

8) материалдық-техникалық базаларын нығайтуға қаражат бөле отыра үлгілік колледждер құру бойынша шаралар жоспарын дайындау ұсынылсын.

4. «Ақтөбе облысының білім саласындағы бақылау департаменті» ММ (Ж.Т.Қайшығұлова):

1) білім беру саласында мемлекеттік бақылауды өткізу, білім беру саласын лицензиялау, білім беру мониторингін жүргізу және оқу жетістіктерін сырттай бағалауға қатысу бойынша жұмыстарды жалғастыру;

2) жеке колледждердің біліктілік талаптарына сәйкестігі бағытында бақылау (тексеру) шараларын депутаттық корпусының қатысуымен өткізу мүмкіндіктерін қарастыру ұсынылсын.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

А. АЙТЖАНОВ

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА